

Жылу энергиясын тұтыну нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 21 қазандағы № 369 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 24 қазанда № 35286 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 6 наурыздағы № 86 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 06.03.2026 № 86 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес тұрғын үй-жайларына жылу энергиясын тұтыну нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрі

К. Шарлапаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Тұрғын үй-жайларға жылу энергиясын тұтыну нормалары

Климаттық аймақ	Өлшем бірлігі	Ғимараттың қабаты		6,7	8,9	10,11	12 және одан жоғары	
		4,5	6,7				12 және одан жоғары	12 және одан жоғары
I климаттық аймақ	гигакаллорий/м ²	0,1333 ден 0,1859-ге дейін	0,1197 ден 0,1520-ге дейін	0,1155 ден 0,1467-ге дейін	0,1081 ден 0,1373-ге дейін	0,1027 ден 0,1303-ге дейін	0,0969 ден 0,1230-ге дейін	0,0933 ден 0,1185-ге дейін
II климаттық аймақ	гигакаллорий/м ²	0,0898-ден 0,1332-ге дейін	0,0807-ден 0,1197-ге дейін	0,0778-ден 0,1155-ке дейін	0,0729-дан 0,1081-ге дейін	0,0692-ден 0,1026-ға дейін	0,0653-тен 0,0968-ге дейін	0,0629-дан 0,0933-ке дейін
III климаттық аймақ	гигакаллорий/м ²	0,0897 дейін	0,0806 дейін	0,0777 дейін	0,0728 дейін	0,0691 дейін	0,0652 дейін	0,0628 дейін

Ескерту: осы жылу энергиясын тұтыну нормалары тек тұрғын үй-жайларға қолданылады.